

Бекітемін:

№1 Педагогикалық кеңесте
«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: Гүлба Утешева.М.Н.
31 тамыз 2023 ж

Келісемін:

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
әдіскері: Ғазге Уразмұханбетова.А.Т.
31 тамыз 2023 ж

**2023-2024 оқу жылына арналған «Балапан» ерте жас тобының ұйымдастырылған
іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Габдуллина.З.Б.
Минжасова. Ә.А

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Қызғалдақ» бөбекжай -бақшасы

Топ: «Балапан» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру Еңбектеу, өрмелеу. Арқанның (биіктігі 50 сантиметр), доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту. Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әр түрлі доптарды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды табу және көрсету. Өз дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) сөздерді түсіну. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну. Белсенді сөйлеуді дамыту. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ана, әке, ата, әже) сөздерімен толықтыру.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2-3 сакинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға белгілі реттілікпен жинау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
	Музыка	Музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру. Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көні-күйін змoциoналды қабылдауды, ересектердің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай) Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату) үйрету.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сумен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау). Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (қозы-мәә) келтіру.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 сантиметр, ұзындығы 2-3 метр) жүру. Еңбектеу, өрмелеу. 2 метр қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту. Еденде жатқан лентадан аттап өту. Домалату, лақтыру. Шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Суреттерден ересектердің айтқан сөзіне сәйкес келетін заттарды табу және көрсету. Ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) білдіретін сөздерді түсіну. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым өтініштерді орындау. Белсенді сөйлеуді дамыту. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Тік өзекегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
	Музыка	Музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру. Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңі-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектердің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай) Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқтан аяққа ауысу) үйрету. Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс) көрсетуге ынталандыру
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету. Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сүмен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау). Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (бұзау-мөөө) келтіру.

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-тендік сақтау жаттығулары: ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 сантиметр) жүру. Еңбектеу, өрмелеу. 2 метр кашықтыққа дейін құрсаудан еңбектеп өту. Домалату, лактыру. Допты алға домалату (отырып, тұрып)
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін киімдерді табу және көрсету. Тұрмыстық және ойын әрекеттерін (жуыну, қыдыру); заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен-кіші), фигураларды (текше, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеуді дамыту. Күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар) білдіретін сөздерімен толықтыру.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпак және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.
Танымдық және логикалық қасиеттерді дамыту	Сенсорика	Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу-жабу, өткізу-шығару, домалату) жасау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
	Музыка	Музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық кимылдарға қызығушылықты қалыптастыру. Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектердің көрсетуі бойынша сәйкес кимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай) Музыкамен жүруге, қарапайым би кимылдарын көрсетуге (қол шапалақтау) үйрету. Ойындарда кейіпкерлердің кимылдарын (аю) көрсетуге ынталандыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлау). Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (мысық-мияу) келтіру.

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10-15 сантиметр) шығу және одан түсу, еденде жатқан арқаннан аттап өту. Еңбектеу, өрмелеу. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр) Домалату, лақтыру. Допты (диаметрі 6-8 сантиметр) төменге, қашықтыққа лақтыру.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ыдыс-аяқтарды табу және көрсету. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау, тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету. Белсенді сөйлеуді дамыту. Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
	Музыка	Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектердің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай) Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (сылдырмақты сылдырлату) үйрету. Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (қоян) көрсетуге ынталандыру
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сүмен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау). Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (ит-аб-аб) келтіру. Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу.

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15-20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5-2 метр), текшелердің арасымен топпен жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) аттап өту. Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домаалату. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл) білдіретін сөздерді түсіну. Қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу) сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеу. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бээ-бота, мээ-қозы, мөө-бұзау, мээ-лақ, мияу-мысық, аб-аб-ит) жеңіл сөздерді айтуға баулу. Сөздік қорды ойыншықтар түрлерін білдіретін зат есімдермен толықтыру. Заттардың түсін білдіретін ссын есімдермен толықтыру. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сакиналары бар таяқшамен. Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні бойынша топтастыру. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоныраулар) дыбысын тыңдау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөнгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.
	Музыка	Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау. Ән айту. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту. Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Ата-анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін (анасы, әкесі, ағасы, апасы, әжесі, атасы) тану. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (тас) ойын арқылы түсіну (тасты жинау). Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (қар). Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұртт, шие, өрік) сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады-болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.
---	--	---

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15-20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5-2 метр), кегльдердің арасымен топпен жүру. Еңбектеу, өрмелеу. 35-40 сантиметр жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу. Домалату, лақтыру. Допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Заттардың өлшемін (үлкен, кіші), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеу. Туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке) сөздерді айтуға баулу. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, заттардың пішінін білдіретін сын есімдермен толықтыру. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Ересектің көмегімен 4-5 сақинадан (үлкеннен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – торлы дорбамен. Біртексі заттарды ортақ белгісі: түсі бойынша топтастыру. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (аспалы металл таяқшалар) дыбысын тыңдау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы эмоционалды қабылдау. Ән айту. Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру. Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Қоршаған кеңістікті (бөлме-пәтер, үй-кіреберіс, аула-балалар алаңы) бағдарлау. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (қар). Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атау. Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады-болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15-20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5-2 метр), құрсаулардың арасымен топпен жүру. Жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілуге және одан түсуге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу. Құрсаудан еңбектеп өту (диаметрі 45 сантиметр) Домалату, лақтыру. Допты алға, жоғары лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар: саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Заттардың күйін (таза, кір) білдіретін сөздерді түсіну. Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау. Белсенді сөйлеу. Төрт түліктің (ат, тай, бота) сөздерді айтуға баулу. Сөздік қорды келік түрлерін білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау және мазмұнында айтылатын қарапайым әрекеттерді, дыбысқа еліктеу мен ойын әрекеттерін орындау.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтарды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу. Дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (шикылдайтын ойыншықтар) дыбысын тыңдау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. Ән айту. Ән айту кезінде балаларды ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау) Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Қоңырау аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан соғып ойнау.

Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру Күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттарды тану. Құрдастары мен айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне сәйкес жауап беру (күлімсіреу-қуаныш, жылау-реніш). Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр). Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары) табу, дауыстарын салу, кимылдарын бақылау, кимылды ойындарда қайталау. Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады-болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.
--	--

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15-20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5-2 метр), таяқтардың арасымен топпен жүру. Еденнен 12-18 сантиметр жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) аттап өту Домалату, лақтыру. Бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Мерзімдік (қазір) білдіретін сөздерді түсіну. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мээ, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау. Белсенді сөйлеу. Азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. Сөздік қорды тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін етістіктермен толықтыру.. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту).
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Ересектердің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу. Таныс шығармалар мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, драмалық ойындарға, қойылымдарға қатысуға баулу, ондағы игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – күрекшемен сәйкес келетін шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. Ән айту. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Сылдырмақ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Ағаш қасықтарды соғып ойнау.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектермен (дауысын тыңдау, қимылына еліктеу, одан көмек сұрау) өзара әрекет етуге баулу, балалар мен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау (доппен, құммен, сумен ойнау). Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау). Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жел). Қоршаған ортадағы құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылды ойындарда қайталау. Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады-болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.
---	--	--

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Құрсаудан құрсауға өтуге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу. 35-40 сантиметр жоғары қойылған арканның астынан еңбектеу. Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату. Жалпы дамытушы жаттығулар: Алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың сандық (біреу, көп) қатынастарын білдіретін сөздерді түсіну. Адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) ілдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау. Белсенді сөйлеу. Сөздік қорды ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін етістіктермен толықтыру. Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атн атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-кш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнау. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты ояту.. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып, кіргізе білу. Қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. Ән айту. Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру.Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Ағаш қасықтарды соғып ойнау.

Қоршаған ортамен таныстыру

Құрдастарымен (әрекетін бақылау, ойнап отырған құрдасының жанына бару, ойыншықтарын алмастыру, өзара келісім бойынша оларды тартып алмай, сұрап алу) өзара әрекет етуге баулу, балалар мен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау (доппен, құммен, сумен ойнау).
 Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (құм) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).
 Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (күннің жарқырауы).
 Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау).
 Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу.
 Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады-болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.